

"Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің қызметін жетілдіру шаралары туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 137
Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 30 маусымдағы № 926 Жарлығы
ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің қызметін жетілдіру шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 137 Жарлығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің аппараты туралы ережеде:

15-тармақта:

7) және 8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Кеңестің аудандық және оған теңестірілген сот (бұдан әрі – аудандық сот) судьясының, облыстық және оған теңестірілген соттың (бұдан әрі – облыстық сот) сот алқасы төрағасының, судьясының, кассациялық сот судьясының, Жоғарғы Сот судьясының бос лауазымына орналасуға конкурстық іріктеуді өткізуін ұйымдастыру;

8) аудандық сот судьясының, облыстық соттың сот алқасы төрағасының, судьясының, кассациялық сот судьясының, Жоғарғы Сот судьясының бос лауазымына орналасуға арналған конкурсқа қатысатын адамдардың құжаттарын қойылған талаптарға сәйкестігі тұрғысынан алдын ала қарау;"

9) тармақшада:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"облыстық соттар төрағаларының, кассациялық соттар төрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының бос лауазымдарына кандидатураларға қатысты Жоғарғы Сот Төрағасының ұсыныстарын;"

жиырмамыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"аудандық сот төрағасының, облыстық сот төрағасының, сот алқалары төрағаларының және судьясының, кассациялық сот төрағасының және судьясының, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының және судьясының лауазымына кадр резервін (бұдан әрі – кадр резерві) жасақтау мәселелерін қарауы бойынша талдамалық және өзге де материалдарды дайындау;"

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

